

Қоршаған орта "covid-19" кезінде қалай өзгерді?

Біз күнделікті өмірде қоршаған ортамызда не болып жатқанын байқамаймыз. Ал, бізді қоршап тұрған ол- Табиғат . Сан ғасырлық жылдар бойы адамдар өз жетістігі үшін не болмаса , пайдасы үшін табиғатқа деген көп зиян келтірді. "Адам табиғаттың төресі, әміршісі, падишасы болу үшін жаралған. Бірақ үстемдік құратын даналық оған туа бітпеген: ол ондай даналыққа білім арқылы жетеді."-деп Николай Лобачевский айтқан. Осы сөздер бізге өз қоршаған ортамызды сақтау үшін , өзімізден бастау алу тиіспіз және адам мен табиғат арасындағы үндестікті сақтау үшін , адам бойында адамгершілік қасиеттер болу керек дегенді меңзеп тұр деп ойлаймын.

Қазір 21 ғасыр. Техниканың қарқынды даму кезеңі, бірақ оның салдары табиғат үшін өте ауыр. Мысалы: Ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде жасалынған табиғатқа әсер етудің ұлан-ғайыр мүмкіндіктері мен құралдары және адам баласының өсіп отырған қажеттіліктері табиғат ресурстарын, олардың планетадағы жалпы қарымен бара-бар мөлшерде пайдалануға алып келді, ол жер бетінің өзгеру ауқымы, дауылдар, су тасқындары, вулкандар атқылаулары, жер сілкіністері сияқты табиғи құбылыстардың нәтижелерімен тепе-тең, тіпті олардан асып түсетіндей жағдайға келеді. Бұл табиғи ортаға деген зиянды әсерді күшейтіп, биосферадағы табиғи түрдегі энергия мен зат алмасуды бұзды. 2020 жылдың қаңтар айында адамзат басына қара бұлт төнді , яғни коронавирустық инфекция ауруы бүкіл әлемге тарап , күннен күнге ауру әсерінен қаза тапқан адамдар саны ұлғая берді. Бірақ, табиғат үшін бұл жағдай демалыс болды деп ойлаймын. Себебі: ковид әсерінен ұшақтардың ұшу саны азайды, көліктің жүру саны, ел арасында шекаралар жабылып, туристер саны да азайды. Бұның бәрі атмосфераның жақсаруына алып келді. Бірақ, көптеген авиакомпаниялар шығынға ұшырады. Олар 113 млрд доллар шығынға ұшырады. Сонымен қатар барлық жеке кәсіптер , сауда орталықтары көп шығынға батты. Қоршаған орта covid-19 кезінде көп өзгерістерге ұшырады және адам үшін күтпеген жағдай болды. Осы аурудың табиғатқа теріс септігін тигізгені даусыз. Мысалы : көптеген егін алқаптар суарымсыз қалып, жер құрғақтанды. Қорыта келе, covid-19 қоршаған ортаға өзінің жақсы да жаман да жақтарын көрсетті . Адамдар үшін өзіндік дамудың бастамасы болды. "Табиғаттағы барлық жылу - күннен, Өмірдегі барлық жылу -адамнан. "-деп Михаил Пришвин айтқандай, біз табиғат пен адам арасындағы үндестікті сақтау отыра , қоршаған ортамызды және өз денсаулығымызды күту керекпіз. Себебі :өмірде барлық жылу адам мен табиғаттан басталады.